Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қаласы 2024 жылғы 22 шілде

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына, Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы»ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) директорының 2024 жылғы 20 мамырдағы № 62-Ө және 2024 жылғы 3 мамырдағы № 56-Ө бұйрықтарына сәйкес құрамында:

1) Кәсіпорын директорының экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары – Мамаева Райхан Төлегенқызы;

2) Кәсіпорын директорының медициналық қызмет сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары – Нұғманов Медет Ғалымжанұлы;

3) Кәсіпорынның заң бөлімінің басшысы – Бакижанова Динара Дәулетбайқызы;

4) Кәсіпорынның бас бухгалтері – Теміркұлова Гүлмира Аманбайқызы;

5) Кәсіпорынның комплаенс-менеджері – Қожахметов Жәнібек Есенұлы бар жұмыс тобы Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 1-бабының 5, 6, 12 –тармақтарына сәйкес келесі анықтамалар қолданылады:

1) **Мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

2) **Сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік

(мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу максатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

3) **Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

4) талдау жүргізу үшін мынадай неғұрлым типтік сыбайлас жемқорлық факторларын есептеу әдістері қолданылды:

5) **Құқықтық олқылық** – құқықтық актіде немесе ішкі құжатта қандай да бір мәселені құқықтық реттеудің болмауы;

6) **Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің коллизиясы** – бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін жекелеген құқықтық актілер, ішкі құжаттар арасындағы алшақтықтар немесе қайшылықтар, сондай-ақ құқық қолдану қызметі процесінде және лауазымды адамдардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы кезінде туындайтын қайшылықтар. Коллизиялар бір деңгейлі нормативтік құқықтық актілер арасында, әртүрлі деңгейдегі актілер арасында, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларын реттейтін актілер арасында да болуы мүмкін;

7) **Заңдық-лингвистикалық белгісіздік** – заң техникасының логикалық және лингвистикалық қағидаларын сақтамаудан туындаған, дәл сипатталмаған терминдерді, ұғымдарды, сөз тіркестерін немесе мағыналық (мазмұндық) сипаттағы тұжырымдарды қолдану;

8) **Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі** – мазмұнынан осы өкілеттіктің шегін айқындау мүмкін болмайтын лауазымды адамның және/немесе талдау объектісінің өкілеттігі;

9) **Лауазымды адамдардың міндетінің орнына құқық белгілеу** – лауазымды адамдардың азаматтар мен ұйымдарға қатысты іс-әрекеттер жасау мүмкіндігін диспозитивті белгілеу;

10) **Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын жоғары талаптар** – адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын, ақылға қонымды (қажетті) талаптар дәрежесінен асатын және/немесе қойылуы заңнама нормаларымен негізделмеген талаптар. Әдетте, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелі тіркеу, рұқсат беру және хабардар ету құқықтық қатынастарын, конкурстық рәсімдерді құқықтық реттеу, азаматтар мен ұйымдарға санкциялар мен өзге де ықпал ету шараларын қолдану, оның ішінде құқықтарды шектеуге, айыруға, тоқтата тұруға байланысты болған кезде байқалады;

11) **Артық әкімшілік кедергілердің болуы** – лауазымды адамдардың құқықты іске асырудан бас тарту, қызметті тоқтата тұру немесе тарату не жауапкершілікке тарту өкілеттіктері туындайтын жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын іске асыруы үшін орындалуы қажет талаптарды белгілеу.

Ішкі талдау 2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңді қамтыды.

Талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобы Кәсіпорынның қызметіне қатысты мынадай НҚА зерттеді:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

2) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – ҚР ЕК);

5) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

6) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – МС туралы Заң);

7) «2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 26-НҚ нормативтік қаулысы (бұдан әрі – Нормативтік қаулы).

Кәсіпорын қызметін қозғайтын НҚА талдауын жүзеге асыру барысында мыналар анықталды.

Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 31) тармақшасына сәйкес ***квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар,*** жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, ***оның ішінде мемлекет құрылтайшысы,*** қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар.

Осылайша, Кәсіпорын квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады.

ҚР ЕК-ның 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес: квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді.

Нормативтік қаулыға сәйкес, Конституциялық сот ҚР ЕК 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасын Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты берген төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тануды қаулы етті:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен құқықтық өзара байланысты болу үшін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына шектеу көрсетілген ұйымдарда басқарушылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымдарға

үміткер адамдарға қатысты қолданылады.

Бұл ретте, ҚР ЕК 2015 жылғы 23 қарашадағы 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы (бастапқы редакцияда) мынадай редакцияда жазылғанын атап өткен жөн:

«Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларға, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды басқару функцияларын орындауға байланысты лауазымға орналастыруға жол берілмейді.».

2020 жылғы 30 желтоқсанда ҚР ЕК 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына өзгерістер енгізілді (2021 жылғы 6 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) және мынадай редакцияда жазылды: «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді.».

Егер 2015 жылғы редакцияда аталған бапта басқарушылық лауазымдарға қатысты қолдану нақты белгіленген болса, онда 2021 жылы бұл норма сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған барлық адамдарға қатысты өзгертіліп, таратылды.

Сондай-ақ, ҚР ЕК-нің 32-бабының 3-тармағына сәйкес Адам азаматтық қызметтің мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымына *немесе квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы талап етіп алдырады.*

Норманың мазмұнына сүйенсек, жұмыс беруші барлық қызметкерлерге қатысты (басқарушылық лауазымға байланбай) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді талап етеді. Бұл ретте, нормативтік қаулы шығарылғаннан және ҚР ЕК 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы түсіндірілгеннен және лауазымға қатысты басқарушылық функцияларды орындауға байланысты қолданылғаннан кейін басқа қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді (ҚР ЕК 32-бабы 3-тармағы) ұсыну қажеттілігіне қатысты сұрақ туындайды.

ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес жұмыскермен еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскер заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоятын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Осылайша, бұл норма жұмыс берушіге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жұмыскермен шартты бұзуға құқық береді (диспозитивті норма).

Өз кезегінде, ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскермен еңбек шарты квазимемлекеттік сектор жұмыскері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған

жағдайда бұзылуға жатады (императивті норма).

Бұл ретте, ҚР ЕК 26-бабының 2-тармағының 2) тармақшасы сәйкес келтірілген және көрсетілген норма тек басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға таратылған жағдайда, ҚР ЕК 52-бабының 1-1-тармағының 2) тармақшасында баяндалған норма, егер басқару функциясын орындаумен байланысты лауазымға үміткер адамдарға қатысты ҚР ЕК 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасының түсіндірілуіне және қолданылуына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салынбаса, басқарушылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымға жатпайтын басқа қызметкерлерге қолданыла ма?

Жоғарыда аталған нормаларда Конституциялық Соттың нормативтік қаулысын ескере отырып, құқықтық олқылықтар, коллизиялар мен әкімшілік кедергілер туындайды.

Ұсынымдар:

Екі түрлі түсіндіруді болдырмау және сәйкеске келтіру мақсатында ҚР ЕК-ге тиісті өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарға бастамашылық жасау қажет.

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау.

Кәсіпорын Астана қаласының әкімдігі жалғыз құрылтайшысы болып табылатын мемлекеттік кәсіпорын болып табылады. Кәсіпорын жарғысына сәйкес Кәсіпорынды басқаруға уәкілетті орган «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері:

1) балаларды жоғары мамандандырылған, мамандандырылған, білікті стационарлық және амбулаториялық медициналық көмекпен толық көлемде қамтамасыз ету;

2) балаларға консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсету;

3) қызмет көрсету ауданына және жүгінген адамның жасына қарамастан, аурулардың, жарақаттардың шұғыл нысандары кезінде жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету;

4) науқастардың профилактикасының, диагностикасының және емдеудің заманауи әдістерін әзірлеу және жұмыс тәжірибесіне енгізу;

5) санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызметті ұйымдастыру және жүргізу;

6) лицензия негізінде дәрілік заттарды, медициналық техника бұйымдарын сатып алу, дәрілік нысандарды дайындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сатып алуды жүзеге асыру;

8) Астана қаласының емдеу мекемелеріне білікті консультациялар беру;

9) жоғары медициналық оқу орындарымен, колледждермен шарт негізінде мамандарды диплом алдындағы және дипломнан кейінгі даярлауды өткізу; шеберлік сыныптарын, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шеңберінде халыққа және ұйымдарға шарттық негізде ақылы медициналық қызметтер көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шеңберінде халыққа ақылы медициналық қызметтер көрсету.

Бағыттар бойынша Кәсіпорынның рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көзделмеген.

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық белгілері бар мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде «жасырын» қызметтерді көрсетуі анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметтерді Кәсіпорын «Мемлекеттік қызметтер туралы» ҚР заңнамасына сәйкес көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын бекітілген Нормативтік құқықтық акт бар. Медициналық қызметтер уәкілетті орган бекіткен стандарттарға сәйкес көрсетіледі, ақылы медициналық қызметтер ақылы медициналық қызметтер көрсетуге бағалардың бекітілген прейскурантына сәйкес жүзеге асырылады. Регламенттің, медициналық қызмет көрсету стандарттарының талаптары сақталады.

Адами ресурстарды басқару бөлімі:

Кәсіпорынның Бақылау кеңесінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 3 шешіміне сәйкес жалпы штат саны 1 406 бірлікті құрайтын Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы бекітілген. Ұйымдастырушылық құрылым мен штат кестесі негізінде белгіленген тәртіппен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және әр лауазым бойынша жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары бекітілді.

Лауазымдық нұсқаулықтарда қызметте басшылыққа алу үшін мынадай НҚА көрсетілген:

1) ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі;

2) «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңдары;

3) ҚР денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері және көрсетілген функционалдық міндеттерге тікелей қатысты басқа да ережелер;

4) Кәсіпорын жарғысы;

5) «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» бұйрық;

6) орындалатын жұмыс мәселелері бойынша Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары, басшылықтың бұйрықтары мен өкімдері;

7) құрылымдық бөлімше туралы ереже.

Лауазымдық нұсқаулықтардың 5-бөлімінде Қазақстан Республикасының

қолданыстағы еңбек заңнамасында айқындалған шектерде лауазымдық міндеттерін орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жөніндегі тармақтар қамтылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік құрылымдық бөлімшелер басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарында ғана жазылған, қалған қызметкерлерде бұл жауапкершілік жоқ.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жұмыскерлердің штат саны 1 406 адам болса Кәсіпорын қызметкерлерінің құрамы іс жүзінде – 1 104 адамды, құрайды, яғни еңбек ресурстарының тапшылығы 22% құрайды.

Қазіргі уақытта Кәсіпорын өндірістік және көмекші персоналды таңдауда белгілі бір қиындықтарға тап болды. Мәселені шешу үшін «Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-мен ынтымақтастық жүзеге асырылуда. Бір мезгілде «Еңбек» порталында және әлеуметтік желілерде бос орындар туралы хабарландырулар орналастырылады. Қаланың жұмыспен қамту орталығының өкілдерімен кадрлар іздеу пысықталуда.

Тексерілетін кезеңде 2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 31 мамырға дейін басшылардың, әкімшілік-басқарушылық, өндірістік және қосалқы персоналдың жалпы құрамынан 302 жұмыскермен мынадай негіздер бойынша еңбек шарттары бұзылды: өз бастамасы/тараптардың келісімі бойынша.

Жұмысқа қабылдау кезінде Кәсіпорынның әрбір жұмыскері Кәсіпорынның мынадай ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы танысады:

1) Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер мүдделерінің қақтығысын реттеу қағидалары;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидалары;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары.

Жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдардың лауазымдарға орналасу фактілері жоқ.

Кәсіпорын жұмыскерлері біліктілік талаптарына сәйкес жұмысқа қабылданады. Әлеуетті үміткерлер Кәсіпорын поштасына немесе қолма-қол түйіндеме ұсынады. Бұдан әрі әлеуетті үміткер бөлімдер/бөлімшелер басшысымен әңгімелесуге шақырылады, кейін директордың жетекшілік ететін орынбасарымен әңгімелесуден өтеді. Оң шешімнен кейін бұл үміткер еңбек қатынастарын ресімдеу үшін АРББ-ға жіберіледі.

Жұмыс істеп жүрген жұмыскерлерді ауыстыру еңбек заңнамасына сәйкес құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысының, жетекшілік ететін орынбасардың қолдау хаты немесе жұмыскердің өтініші негізінде ресімделеді.

Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдаудың жоғарыда баяндалған жұмыс рәсімінде конкурстық іріктеу жолымен әлеуетті үміткерлерді қабылдаудың нақты алгоритмінің (қағидаларының) болмауына байланысты құқықтық олқылық бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

Осылайша, әлеуетті үміткерлерді жұмысқа қабылдау кезінде ашықтық жоқ, «өз» қызметкерлерін бос орындарға қабылдау және деректері тұтастай алғанда бос лауазымның біліктілік талаптарын толық қанағаттандыра алатын әлеуетті үміткерлерді жасыру мүмкіндігі көрінеді, бұл Кәсіпорынның жекелеген

қызметкерлерінің дискрециялық өкілеттіктерінің кеңдігі болуы мүмкін.

Ұсыныстар:

1. Құрылымдық бөлімшелердің ережелерін және жаңа бекітілген құрылым бойынша лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздеу міндетті.

2. Конкурстық негізде бос лауазымдарға әлеуетті үміткерлерді қабылдау қағидаларын әзірлеу.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі:

Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеу және бекіту ТМҚ сатып алуға бастамашы болған Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің өтінімдері (МСЖ-ға енгізуге ТЖҚ өтінімі) негізінде жүзеге асырылады.

Даму жоспарының негізінде Заңның 5-бабының 2-тармағына сәйкес Сатып алу қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары әзірленеді және бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізуге өтінім ТЖҚ-ны сатып алу саны, бағасы және тәсілі көрсетіле отырып, тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттілікпен айқындалады және Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабы 7-тармағы орындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді.

Қажет болған жағдайда Заңның 5-бабы 7-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (Мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырады.

Мемлекеттік сатып алу порталында сатып алу жоспарын уақтылы орналастыруды тексеру барысында мерзімдерді бұзу анықталған жоқ.

МС туралы Заңның 13-бабының 1-бөлігіне сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) конкурс;

2) аукциондарда;

3) баға ұсыныстарын сұрату;

4) бір көзден алу;

5) тауар биржалары;

6) электрондық дүкен арқылы.

Көрсетілген баптың 1-1-бөлігіне сәйкес Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері **бәсекелестік тәсілдер деп танылады**.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу бөлімі **2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін 116** мемлекеттік ТЖҚ сатып алу жүзеге асырды, оның ішінде конкурс тәсілімен **10** лот (8,6 %), баға ұсыныстарын сұратумен **61** лот (52,6 %), бір көзден алу **34** лот (29,3 %), электрондық дүкен арқылы **9** лот (7,7 %).

Кәсіпорынның ТЖҚ-ны мемлекеттік сатып алудың **2024 жылға** арналған жылдық жоспарында **551** лот жоспарланған, оның ішінде конкурс тәсілімен **41** лот, баға ұсыныстарын сұрату арқылы **362** лот, бір көзден алу **13** лот (оның ішінде **2** лот 2 айға ұзартылды, калғаны ҚР Заңдарында айқындалған тұлғалармен), электрондық дүкен арқылы **135** лот.

2024 жылға арналған ТЖҚ мемлекеттік сатып алу тәсілдері пайыздық арақатынаста былайша бөлінген:

1) **конкурс – 7,4 %;**
2) аукциондарда – 0 %;
3) баға ұсыныстарын сұрату – 65,7 %;
4) **бір көзден алу – 2,3 %;**
5) тауар биржалары арқылы – 0 %;
6) электрондық дүкен арқылы – 24,5 %.

Осылайша, Кәсіпорын 2024 жылы (2023 жылмен салыстырғанда) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін таңдауға ұмтылады.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарын сақтау, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен тазалығы мақсатында Кәсіпорынға ашық конкурс тәсілдерін қолдануды және баға ұсыныстарын сұратуды ұлғайту қажет.

Ұсынымдар:

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тәсілін айқындау кезінде басым таңдау тәсілдерін белгілеу: ашық конкурс және баға ұсыныстарын сұрау.

Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі (бұдан әрі – ЭЖТБ) өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Кәсіпорынның Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

ЭЖТБ функциясына Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын

талдау, бағдарламаларды, Кәсіпорынның экономикалық дамуының перспективалық және қысқа мерзімді болжамдарын әзірлеуге қатысу, Кәсіпорын қызметінің шығындарын жоспарлау, еңбекті ұйымдастыру мен жалақыны талдау, Даму жоспары бойынша экономикалық тиімділік есептеулерін әзірлеу, Кәсіпорынның жасалған шарттарының орындалуын бақылау, Кәсіпорынның баға саясатын қалыптастыруды талдау, Кәсіпорын жүзеге асыратын қызметтерге арналған калькуляциялық есептеулер мен баға прейскуранттарын құру кіреді.

Оның ішінде ЭЖТБ мынадай жұмыстарды жүргізуде:

1) Кәсіпорынның даму жоспарын жартыжылдық және жылдық нақтылауды жасау және қамтамасыз ету, бюджетті игеру мониторингін жүзеге асыру;

2) қаржыны басқару тиімділігін арттыру, қаржылық тәуекелдерді азайту және Кәсіпорынның табыстылығын арттыру бойынша ұсыныстарды қарауға енгізу.

Кәсіпорынның даму жоспарын Кәсіпорынның Бақылау кеңесі келіседі (қорытынды ұсынады).

2023 жылдың қорытындысы бойынша Кәсіпорынның нақты қаржылық көрсеткіштері:

- кірістер **8 327 763,00** мың теңге;
- шығыстар **7 787 571,00** мың теңге;
- пайда **540 192,00** мың теңге.

Кәсіпорынның 2023 жылға жоспарланған қаржылық көрсеткіштері:

- кірістер 7 039 380,71 мың теңге;
- шығыстар 7 039 380,71 мың теңге;
- пайда 0,0 мың теңгені құрады.

Жалпы ЭЖТБ бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері не ішкі нормативтік құжаттардағы құқықтық олқылық анықталған жоқ.

Бухгалтерлік есеп бөлімі:

Бухгалтерлік есеп бөлімінің негізгі міндеті бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, Кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы толық және сенімді ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

2023 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қаржы кезеңінде Кәсіпорында «BR-AUDIT» ЖШС тәуелсіз аудиторы жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізді.

Аудит Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргізілді. 2024 жылғы 26 наурыздағы ұсынылған аудиторлық есеп бойынша қандай да бір бұзушылықтар, кемшіліктер мен ауытқулар анықталған жоқ.

Тексерілетін кезеңде кәсіпорынға салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы төлемегені үшін айыппұл санкциялары қойылмады, яғни салықтар мен төлемдерді төлеу салық заңнамасында көзделген мерзімдерде уақтылы жүргізілді.

Материалдық құндылықтарды есепке алу және есептен шығару Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелі мен құқықтық алшақтық

анықталған жоқ.

Жалпы ұсыныстар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын орындау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында Кәсіпорынның қызметіне және оның ішкі нормативтік актілеріне жүйелі талдау және мониторинг жүргізу.

Директор **Г.Е. Кулушева**

Жұмыс тобы:

Директордың экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары **Р.Т. Мамаева**

Директордың медициналық қызмет сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары **М.Ғ. Нұғманов**

Бас бухгалтер **Г.А. Теміркұлова**

Заң бөлімінің басшысы **Д.Д. Бакижанова**

Комплаенс-менеджер **Ж.Е. Қожахметов**